

ТЕКСЕРІЛДІ:

Үлгілерге
литератур
Зерт.

12.09.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» балабақшасы балабақшасы КМҚК

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 15.09 – 19.09. 2025 жыл (3-апта)

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» /Абай/

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.09	Сейсенбі 16.09	Сәрсенбі 17.09	Бейсенбі 18.09	Жұма 19.09
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ойыншықтар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Келіншек» күйі https://zvyki.com/song/86523669/-_kel_nshek/				
	«Өнегелі 15 минут» Балаларға «рақмет» сөзін орынды қолдануға үйрету Әңгіме: «Біреу саған жерге түскен ойыншығыңды алып берсе, не дейсің?»				
Сөздік минимум	Доп, текше, қонжық, куыршақ Маған доп берші. Міне, ал.		Қағаз, қайшы, бояу, кітап, желім, қалам, қылқалам, сурет		

	<p>Сатушы, сатып алушы, Саған не керек? Маған беріңізші. Бес теңге тұрады. Міне, алыңыз. Рақмет,</p>				
<p>Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Ойыншықтар» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, Ү, Ұ; қарапайым сұрақтарға (Бұл не?) жауап беруді үйрету. «Тыңда. Қайтала» Бұл не? Бұл – доп. Бұл не? Бұл – текше. Бұл не? Бұл – қуыршақ. Шарты: балалар педагог үлгісі бойынша сөйлеседі. «Есте сақта!» Маған Берші Міне, ал! «Суретпен жұмыс» «Кел, сөйлесейік» ойыны Ая: Маған доп берші Әли: Міне, ал. «Жаттап алайық» - Бұл не? - Бұл – доп. - Бұл не?</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Оқу құралдары» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Жылулық шеңбері Айнала тал-терек, Желпиді желегін. Таңертерек ертерек Бақшаға келемін. «Дельфиндер сурет салады» бейнежазба көру -Балалар, көрдіңдер ме,</p>		

	<p>- Бұл – қуыршақ. - Маған доп, қуыршақ беріңізші. - Міне, ал. Шарты: балалар педагог үлгісі бойынша сөйлеседі. Қимылды әрекет «Сәлем! Сәлем!» https://goo-gl.com/wZV Рефлексия «Сұрақ-жауап» Бұл не?</p> <p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкенінде» СРО Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; сөз тіркестерін түсіне білуге үйрету; сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; диалогке қатысуға үйрету. қарым-қатынас кезінде сұрақ-жауап арқылы диалог құруға үйрету;</p>		<p>дельфиндер де сурет салады. Сендер сурет сала аласыңдар ма? Сурет салу үшін не керек? -Қағаз, қарындаш, қылқалам, бояу. -Алдымен осы құралдардың қазақша атауын үйреніп алайық. Топпен жұмыс «Қара да ата» Қ-қ-қағаз – қағаздар. Қ-қ-қарындаш – қарындаштар (түстерін атауға болады). Қ-қ-қалам. Қ-қ-қылқалам. Бояу. Қ-қ-қайшы. Жел-і-і-ім. «Кім дұрыс қайталайды?» ойыны Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айтады және ол сөздерді қолданады. Өлеңді жаттап алайық «Қарындаштар» Мынау – сары қарындаш. Мен күнді бояймын. Мынау – қара қарындаш. Мен түнді бояймын.</p> <p>Шығармашылық</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>ойын барысында сөздік қорын молайту.</p> <p>Қажетті құралдар: эртүрлі ойыншықтар (куыршақ, аю, доп, машина, конструктор); дүкен сөресі немесе үстел; қағаз ақшалар (тиын, банкнот); сөмке, қапшық, қорапшалар.</p> <p>Рөлдер: сатушы, сатып алушы</p> <p>Ойын барысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балалар рөлдерге бөлінеді. 2. Сатушы сөреге ойыншықтарын орналастырады. 3. Сатып алушы дүкенге кіріп, сыпайы сөздер қолдана отырып ойыншық таңдайды. 4. Сатушы ойыншықты таныстырып, бағасын айтады. 5. Сатып алушы ақшасын кассирге береді. 6. Кассир ақшаны қабылдап, қайтарым береді. 7. Сатып алушы 		<p>жұмыс</p> <p>Балалар доп пен текшені бояйды да: Мен сурет саламын. Мен бояймын. Мен допты қызылмен бояймын. Мен текшені сарымен бояймын деп бояп отырып, педагогпен бірге айтады.</p> <p>Қимылды әрекет: «Қағаз, тас, қайшы»</p> <p>Қорытынды: Құралдардың, ойыншықтардың, түстердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>ойыншығын алып, алғыс айтып шығады. 8. Рөлдер ауыстырылып, ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p>Сыпайы сөздер мен сөйлемдер үлгісі: - Сәлеметсіз бе! - Қандай ойыншық аласыз? - Бағасы ... теңге. - Ақшаңызды беріңізші. - Міне, сіздің қайтарымыңыз. - Рахмет! Қайта келіңіз! - Сау болыңыз!</p> <p>Қорытынды: «Сатушы қандай болуы керек?» «Сатып алушы не айтуы керек?» «Саған қай рөл ұнады?» деген сұрақтар қойып, ойынды талқылау.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум,</p>	<p>«Тыңда. Қайтала» Бұл не? Бұл – доп. Бұл не? Бұл – текше.</p>		<p>Шығармашылық жұмыс Балалар доп пен текшені</p>		

<p>диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Бұл не? Бұл – қуыршақ. Шарты: балалар педагог үлгісі бойынша сөйлеседі.</p> <p>«Жаттап алайық» - Бұл не? - Бұл – доп. - Бұл не? - Бұл – қуыршақ. - Маған доп, қуыршақ берші. - Міне, ал. Шарты: балалар педагог үлгісі бойынша сөйлеседі.</p>		<p>бояйды да: Мен сурет саламын. Мен бояймын. Мен допты қызылмен бояймын. Мен текшені сарымен бояймын деп бояп отырып, педагогпен бірге айтады.</p>		
	<p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау</p> <p>«Адал азамат» бағдарламасы бойынша</p>	<p style="text-align: center;">«Ханталапай» ойынын ойнау</p> <p>Ойын шарты: «Талапай-ау, талапай, табылды ойын алақай» деп, қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады. Балалар жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтардың ішінен әр бала ойынға бес асықтан тігеді. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Сонымен бірге балалар бұқ асықпен бұқ асықты, шік асық пен шік асықты ату арқылы мергендік танытып, асық жинайды. Асықтарды бір-біріне тигізе алмаған жағдайда ойын жүргізушінің сұрақтарына жауап береді. Екінші рет тигізе алмаған жағдайда ойын кезегі келесі балаға беріледі. Ойын осылайша жалғаса береді. Ойын соңында хан асығын ұтып алған бала жеңімпаз атанады.</p>			